

## Шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 13 желтоқсан N 1245. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.03.03. N 3375 жарлығымен. ~U973375

"Шет елде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

қаулы етеді:

1. Шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 13 желтоқсандағы  
N 1245 қаулысына  
Қосымша

Шет елде кадрлар даярлау жөніндегі  
республикалық комиссия туралы  
Ереже

1. Осы Ереже шет елде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның (бұдан былай - республикалық комиссия) мақсатын, міндетін, атқаратын негізгі қызметін, құқықтары мен міндеттілігін белгілейді.

2. Республикалық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын,

Премьер-министрдің өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

Республикалық комиссияның шешімдері оның құзыры шегінде министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік емес білім мекемелері және басқа бірлестіктер үшін міндетті.

3. Республикалық комиссияның негізгі міндеті даярлығы неғұрлым жоғары жастарды іріктеп шет елдердің алдыңғы қатарлы оқу орындарына оқуға жіберу болып табылады.

Осы мақсатта Республикалық комиссия өз жұмысын:

шет елде кадрлар даярлау стратегиясын белгілеу;

Қазақстан студенттерін оқуға қабылдау жөнінде шет елдердің білім министрліктерімен және оқу орындарымен келіссөздер жүргізу;

ерекше бейімділік танытқан республика азаматтарына білігі биік арнаулы білім алуына жәрдемдесу;

оқуға жіберуге ұсынылып отырған талапкерлерге халықаралық стипендия тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізу;

негізгі қызметіне қажетті заңға қайшы келмейтін басқа да міндеттерді атқару бағыттары бойынша жүзеге асырады.

4. Республикалық комиссияның:

мамандарды шет елдерде оқытуға байланысты жекелеген мәселелерді зерделеу үшін жұмыс топтарын құруға;

шет елдерде кадрлар даярлауды жүзеге асыратын министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік емес білім мекемелері мен басқа да бірлестіктер жұмысын тиімділігін тексеруге және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізуге;

өз мәжілістерінде атқарушы өкімет пен барлық деңгейдегі басқару органдары басшыларының "Шет елде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысын жүзеге асыруға байланысты атқарып жатқан жұмысы туралы ақпары мен есептерін тыңдауға құқығы бар.

5. Республикалық комиссия Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесе отырып мынадай қызметтер атқарады;

республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарын қатыстыра отырып, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен шет елдер арасында білім беру мәселесі жөнінде ұсыныстар әзірлейді, шарттар, келісімдер түзеді, ынтымақтастық жөнінде нақты шараларды жүзеге асырады;

білім беру мәселелері бойынша белгіленген тәртіпке сай халықаралық мәжілістер, съездер, симпозиумдар ұйымдастырады;

шет ел жоғары оқу орындарына түсу үшін өткізілетін конкурстардың шарттары мен мерзімдері жайлы жастарды жан-жақты хабардар етеді;  
дарынды да қабілетті жастарды анықтау үшін арнаулы пәндер бойынша конкурстар мен олимпиадалар ұйымдастырып, өткізеді;  
халықаралық талаптарға сәйкес қажетті құжаттар дайындайды;  
белгіленген тәртіпке сәйкес шет ел оқу орындарына оқуға жіберілетін студенттермен контракт жасасады;

шет ел білім министрліктерімен бірлесе отырып, шарт пен келісім негізінде шет елде оқитын оқушылар, студенттер, дәрістенушілер мен басқа да қызметкерлердің тұрғын үй-тұрмыстық, тамақтану, медициналық қызмет көрсету жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

6. Республикалық комиссияның мәжілістері оның жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Жоспардан тыс мәжілістер қажеттілігіне қарай комиссия төрағасының ұйғарымы бойынша шақырылады.

7. Республикалық комиссияның төрағасы комиссия жұмысын Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Ережеге сәйкес ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді, Республикалық комиссия төрағасы орынбасарларының өкілеттілігін белгілейді.

Республикалық комиссия хатшысы комиссияның іс жүргізуіне жауап береді, оның мүшелерінің қызметін үйлестіреді.

8. Республикалық комиссияның шешімдері оның мәжіліске қатысып отырған мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады.